

БЫЛТЫР 1 МАУСЫМНАН БАСТАП КОРОНАВИРУСКЕ ШАЛДЫҚҚАН ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҮШІН УАҚЫТША ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗ КЕЗЕҢІНДЕ ОРТАША ЖАЛАҚЫНЫҢ 100%-Ы КӨЛЕМІНДЕ АҚЫ ТӨЛЕНЕДІ. ПНЕВМОНИЯҒА ШАЛДЫҚҚАНДАРҒА ДА 100%, БАСҚА ДИАГНОЗБЕН АУЫРҒАНДАРҒА 50% КӨЛЕМДЕ ЖАЛАҚЫ ТӨЛЕУГЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНҒАН.



Оразғали АХМЕТБАЕВ,
«Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы



№70 (2678)
27/08/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



СВОЕВРЕМЕННЫЕ МЕРЫ

Вопросы обеспечения углем населения находятся у национального перевозчика на особом контроле. Под председательством и. о. заместителя председателя правления АО «НК «ҚТЖ» по грузовому движению Оралхана Кулакова состоялось первое совещание оперативного штаба по перевозке угля.

Алуа ТЛЕУБАЙ,
Нур-Султан

В заседании приняли участие представители крупных угольных разрезов: ТОО «Богатырь Комир», ТОО «Kazakhstan Coal», АО «Шубарколь Комир», ТОО «Востокугольпром» и других.

Один из главных вопросов на повестке дня – обеспечение равномерной погрузки со стороны грузоотправителей и выполнение ими оборота вагонов на погрузочных операциях.

– Все вопросы по углю должны быть сняты. С нашей стороны принимаются меры по

своевременному обеспечению подвижного состава. Для перевозки твердого топлива приоритетная задача – подача вагонов, – сказал Оралхан Кулаков.

По поручению руководства АО «НК «ҚТЖ» за крупными отправителями угля закреплены полувагоны АО «Қазтеміртранс». Это гарантирует угольным разрезам предоставление со стороны ҚТЖ подвижного состава. Кроме того, в этом году железнодорожники оптимизировали логистику перевозок угля с основных крупных угледобывающих предприятий, организовывая кольцевые и маршрутные отправки.

Грузоотправители, в свою очередь, должны

строго соблюдать технологические сроки оборота вагонов на подъездных путях. Однако не все угольные предприятия придерживаются данного порядка. Из-за чего вагоны, весьма востребованные на магистральной сети, простаивают на подъездных путях угольных разрезов в ожидании погрузки.

В ходе заседания отмечалось, что эффективное планирование, равномерное распределение объемов перевозок угля по месяцам, безукоризненное выполнение оборота вагонов на подъездных путях и согласованность действий всех участников перевозочного процесса позволят избежать осеннего ажиотажа вокруг угля.

Штаб ведет ежесуточный контроль по обеспечению заявок грузоотправителей, выполнению оборота и сокращению простоев вагонов под грузовыми операциями. Одна из главных задач штаба – ежесуточный мониторинг запаса твердого топлива на складах ТЭЦ и ГРЭС.

В завершение встречи грузоотправители отметили, что все вопросы по перевозке угля оперативно решаются с АО «НК «ҚТЖ» в рабочем порядке.

ҚҰРЫҚТЫҢ ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ АШЫЛМАҚ

Құрық портына қызмет көрсететін, бес жыл бұрын ашылған «Құрық порты» станциясы уақыт өткен сайын дамып жатыр. Алдағы уақытта мұнда тағы бір станция ашылады деп көзделіп отыр. Құрылысы 2019 жылы басталған порт алды станциясы осы жылдың соңына дейін бітеді деп жоспарлануда.



Қосымша сегіз жолы бар порт алды станция іске қосылған кезде негізгі «Құрық порты» станциясының мүмкіндіктері бүгінгіден күшейе түспек. Мәселен, станциялықтар қазірде паромнан түсірілген жүк вагондарын қанша көлемде болса да келгенін келгендей жіберуде. Егер жаңа станция ашылса, жинақтап, көбірек вагон жіберуге мүмкіндік туады. «Қазір паромнан 36 вагон түсірілсе, тек соның өзін ғана тепловозға тіркеп, Маңғыстау станциясына жөнелтеміз. 36 вагон бір құрамға аз. Ал жаңа станция жолдарына 72 вагон сыятын болады. Сонда осы жерден құрамды толықтырып жіберсек, Маңғыстау станциясына тоқтамай-ақ, әрі қарай тіке кетуге мүмкіндік туады. Уақыт та, қаражат та үнемделеді», – дейді Құрық порты станциясының бастығы Қанат Айтбайұлы.

Бұдан бөлек, қазір мұнда астық терминалы салынууда екен. 2023 жылы іске қосылуы жоспарланып отырған терминал порттың болғанмен, келетін вагондарға қызмет көрсетуші станция болмақ. Вагондарды тұйыққа қою, беру сияқты жұмыстарды атқаратын да, әрине, теміржолшылар. Бұл терминал жұмысын бастаса, жүк ағынын көбейтіп, станция көрсеткіштеріне оң ықпал етері сөзсіз деседі жергілікті теміржол басшылары.

Шахидә ЖҰМАН, Маңғыстау
Суретті түсірген автор



Жанибек ТАЙЖАНОВ,
заместитель председателя Комитета транспорта МИИР РК:

ОСОБОЕ ЗНАЧЕНИЕ АО «НК «ҚТЖ» ПРИДАЕТ РАЗВИТИЮ КОНТЕЙНЕРНЫХ ПЕРЕВОЗОК ПО МАРШРУТУ КИТАЙ – ЕВРОПА – КИТАЙ, НА КОТОРОМ УСПЕШНО РАБОТАЕТ СОВМЕСТНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ КАЗАХСТАНА, РОССИИ И БЕЛАРУСИ – ОТЛК ЕРА. ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК ТОЛЬКО ПО ЭТОМУ КОРИДОРУ В 2020 ГОДУ В СРАВНЕНИИ С 2019 ГОДОМ ВЫРОС НА 65%

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

ОКОЛО

4 млн тонн

ЗЕРНА ЭКСПОРТИРОВАНО КАЗАХСТАН В 2021 ГОДУ ПОСРЕДСТВОМ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПЕРЕВОЗОК

С НАЧАЛА ГОДА ПО MIDDLE CORRIDOR ПРОПУЩЕНО

60

КОНТЕЙНЕРНЫХ ПОЕЗДОВ

В АВТОМАТИЗИРОВАННОЙ СИСТЕМЕ УПРАВЛЕНИЯ «ДОГОВОРНАЯ И КОММЕРЧЕСКАЯ РАБОТА» (АСУ ДКР) КОЛИЧЕСТВО ЗАРЕГИСТРИРОВАННЫХ ГРУЗОПРАВИТЕЛЕЙ, ГРУЗОПЛУЧАТЕЛЕЙ И ЭКСПЕДИТОРСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ ВЫРОСЛО НА

5 000

Толаскез

800 МЕТР ЖОЛ 1650 МЕТРГЕ ҰЗАРТЫЛДЫ

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің басшылығымен аймақта аса ауқымды жол табанын жаңғырту жұмысы басталды. Станциялық жолды 800 метрден 1650 метрге дейін ұзарту жұмысы бұл өңірде бұрын-соңды болмаған, бірінші рет қолға алынып отыр.

Сабырхан НӘДІРБАЕВ,
Қызылорда-Керкелмес

Қызылорда темір жолының Керкелмес станциясындағы 1-ші жолды ұзарту үшін кеше алғашқы 4 сағаттық толаскез алынды. Сағат 12.00-де басталған жұмысқа Қызылорда жол дистанциясының бүкіл техникасы мен 3 учаске жолшыларынан бөлек, қалпына келтіру пойызы техникасы мен байланыс және белгі беру дистанциясының жұмысшылары тартылды. Барлығы 30 шақты адам күні бұрын белгіленіп, келісілген жұмыс көлемін өлшеулі уақытта бітіруге тырысып, іске қызу кірісті. Бүгін жер төсемін дайындап, жолдың үстіңгі қабатын салып үлгерулері керек, ертең тағы да он сағаттық толаскез алынып, байланыс құралдары мен стрелка бұрмаларын орнықтырып, жолды іске қосу жұмыстары жүргізіледі. Қызылорда магистраль-

дық желі бөлімшесі бастығының орынбасары Ербол Оңғарбаевтың басқаруымен жол дистанциясының орынбасары Абдулла Досымов пен Қызылорда ЖТ қауіпсіздік бөлімінің бастығы Бекжан Өтеулиев негізгі жұмыс көлемін атқарып жатқан Қызылорда қалпына келтіру пойызының ЕДК-300/2 кранының жұмысын қадағалауда, рельс кесетін, тесетін, дәнекерлейтін, көтеретін, шпал таситын әмбебап техника МпТ кранының жұмысын да бақылауда. Жолшыларда шағын механизация құралдары жеткілікті.

– Бүгінгі таңда Қазақстан темір жолында ұзынқұрамды контейнерлік құрамдар қозғалысы жанданғаны белгілі. Біз бүгін сол ұзын құрамды пойыздар сыймай қалмас үшін 800 метрлік станция жолын 1650 метрге дейін ұзартып жатырмыз,



бұл Қызылордада бірінші рет салынууда. Станцияның жолына пойыздар қарама-қарсы келіп қиылыспас үшін бұл бүгінгі таңда аса қажет жоба, – дейді Қызылорда магистральдық желі бастығының орынбасары Ербол Оңғарбаев. Тамыздың соңғы күндері болса да Қызылорданың алтап ыстығын елең қылмастан ортақ іске жұдырықтай жұмылған

теміржолшылар тынымсыз төрт сағат бойы жұмыс істеді, техниканың дүрілдеген дыбысы ең даланы жаңғыртып, 800 метрлік ескі жолға жалғасатын тағы 800 метрден асатын жол төсемін дайындап, байланысшылар # 5 стрелканы жылжытып, ертеңгі негізгі жұмысқа сақадай сай етіп бітірді. Ертең жұмыс тағы да жалғасады...

Суретті түсірген автор

ИЗ ЯНЬТАЙ В ДУЙСБУРГ

Через станцию Достык впервые проследовал контейнерный поезд со станции Яньтай (КНР) в Дуйсбург (Германия) на базе регулярного сервиса «ОТЛК ЕРА».

Совместное предприятие железных дорог Казахстана, России и Беларуси АО «ОТЛК ЕРА» в партнерстве с АО «РЖД Логистика» тестируют новый сервис транзитной перевозки грузов из города Яньтай в Китае через погранпереходы Достык и Малашевиче (Польша) до германского Дуйсбурга.

Ранее маршрут Яньтай – Дуйсбург проходил через территорию Монголии. Благодаря новому сервису транзитное время доставки грузов сократится вдвое. Это придаст дополнительный импульс увеличению транзита из провинции Шаньдун. Тестовый поезд состоит из 50 сорокафутовых контейнеров с электротарами.

– Яньтай – новая, ставшая 18-й по счету с начала текущего года грузообразующей локацией в Китае на сервисах «ОТЛК ЕРА». В первом полугодии 2021 года расширение сети маршрутов и локаций «ОТЛК ЕРА» происходит темпами, превышающими даже рекордный 2020 год, – отметил генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром. – При выборе способа отправки сегодня все большую роль играют надежность, скорость и стабильность – традиционные преимущества железнодорожного транспорта, а также конкурентоспособность технологий и тарифной политики в сравнении с другими видами транспорта.

Следующая отправка запланирована на сентябрь текущего года.

Любовь РОББА, Нур-Султан

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ НЫҒАЙТТЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



Жіңішке станциясы ТМД елдерімен қатар, Америка, Жапония, Германия, Ресей, Израиль секілді елдердің алпауыт компанияларымен байланыс орнатып, жүк жөнелту жұмыстарын тиімді ұйымдастырып отыр.

Бірінші класты станция Ақтөбе рельс-арқалық зауыты, Ақтөбе феррокорыпта зауыты, Ақтөбе хром қоспалары зауыты, «Синойл» компаниясы секілді ірі жүк жөнелтушілермен жұмыс істейді. Станцияда алты айдағы тиеу-түсіру жұмыстарының жоспары әдеттегідей артығымен орындалды. Алты айда Жіңішке станциясынан 692 285 тонна жүк тиеліп, 11 341 вагон жүк жөнелтілген. Оның ішінде құрылыс материалдары 3456 вагон, қара металл 3018 вагон, химиялық өнім 809 вагон, мұнай 26 вагон, астық 91 вагон, металл сынығы 670 вагон жөнелтілген. Станция басшысы Талғат Сағыновтың айтуынша, мұнда 50-ден аса кірме жол бар.

«Станция алыс жақын мемлекеттерге, соның ішінде Америка, Жапония, Германия, Израиль, Ресей секілді елдердің алпауыт компанияларына, ТМД елдеріне жүк жөнелтеді. Жұмыстардың барлығы халықаралық талаптарға сай. Қауіпсіздік толық сақталған», – дейді станция басшысы.

Станцияда металл сынығын жөнелту 155,5 пайыз, химиялық өнімдер 114,9 пайызды құраған. Түсіру жұмыстарының жоспары 104 пайызға орындалды. Оның ішінде қара металл, металл сынығы, құрылыс бұйымдарының жоспары артығымен орындалды. Басқа өңірлерден негізінен күкірт, руда, кокс, известь, сода, құйылмалы тауарлар әкелінген.

Сонымен қатар, Жіңішке станциясына қарайтын Қызғалдақты станциясындағы жүк жөнелту жұмыстары 114 пайызға орындалды. Соның ішінде қара металл мен металл сынықтарын тасымалдау жұмыстары артығымен орындалған. Ал станциядағы алты айдағы түсіру жұмыстары 106 пайызды құраған.

Жүк тасымалының артуына тиімді транзиттік тасымалда қолданылып жатқан заманауи логистикалық әдістер әсер етіп отыр.

МАНЕВРЛІК ҚОЗҒАЛЫС АЙЛЫҒЫ

Ұлан ОРАЗ,
Маңғыстау



Қазіргі таңда барлық локомотив пайдалану деполарында «Станциядағы маневрлік жұмыстар» атты айлық өтуде. Айлық 2 тамыздан басталып, 2 қыркүйекке дейін жалғасады.

Маңғыстау локомотив пайдалану депосының Бейнеу айналым депосы бастығының орынбасары Жеңісбек Қараевтың айтуынша, айлықтың мақсаты – маневрлік жұмыстар кезінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жетілдіру болып табылады.

– Айлық барысында машинист пен станция кезекшісі арасындағы сөз тізбектің қалай өтетіні және түнде жүргізілетін маневрлік жұмыстар тосыннан тексеріледі. Бұл тексерулер жоспардан тыс жасырын кестеге сай өткізіледі. Соның бірі 10 тамызда болды. Тексеруге депо басшылығы мен машинист нұсқаушылар қатысты. Жалпы маневрлік жұмыстар дегеніміз – жылжымалы құрамның станция аумағындағы пойыздардан бөлек қозғалысы, бірақ оның бір айырмашылығы маневрлік жұмыстар әдетте сұрыптау доңестерінде, жартылай доңестерде, парктерде және еңіс жолдарда жасалады, – дейді ол.

Айлық аясындағы тексерулер барысында локомотив бригадаларының ереже талаптарын орындауы, энергоресурстарды есепке алуы да назарға алынууда. Айналым депосында бүгінде барлығы 325 адам еңбек етеді, 124 машинист, 127 машинист көмекшісі.

ҚАУІПСІЗ ЖЫЛ ӨТКІЗУГЕ ҚАДАМ



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

«ҚТЖ-ЖТ» ЖШС «Ақтөбе бөлімшесі» филиалы Қызылорда қосалқы бөлімінің бас инженері Құлхан Белкібаевтың басшылығымен компанияның Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау аймақтарынан келген қырыққа жуық теміржолшының қатысуымен өткен техникалық сабақ «2021 жылдың екінші жартыжылдығын жазатайым оқиғасыз өткізу» тақырыбына арналды. «ҚТЖ-ЖТ» ЖШС басқарма төрағасының орынбасары К.Көбесовтің тамыз айының 5-жұлдызындағы ГПЗ/8766-И нөмерлі жеделхаты негізінде өткен басқосуға жоғарыдағы бөлімшелердің бас инженерлері мен Экология және өндірістік қауіпсіздік қызметкерлері қатысты.

Бас инженер Құлхан Шапайұлының техникалық сабақты тиімді, нәтижелі өткізуге атсалысуға шақырды. Атырау бөлімшесінің бас инженері Бауыржан Қартап, Ақтөбе бөлімшесінің бас инженері Жасұлан Рскалиев, Маңғыстау бөлімшесінің бас инженері Қарақат Жақанов қолдау көрсетіп, әр аймақ өз тәжірибелерімен бөлісіп, семинар-кеңес еркін тақырыпта өріп, ортақ пікір алмасуға ұласты.

Қызылорда станциясының бастығы Қайрат Төрединов пен Белкөл станциясының бастығы

Қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды басты мәселе ретінде қарастырып, жазатайым оқиғасыз жылды аяқтауды мақсат еткен батыс өңірінің теміржолшылары Қызылордада бас қосты.



Кенжебек Өтегенов станция теміржолшыларының технологиялық процестер кезіндегі еңбек қауіпсіздігі талаптарын орындауы жайында, Қазалы вагон пайдалану депосының инженері Әділхан Тынымбаев техникалық сабақты техникалық жүргізу, Қызылорда локомотив пайдалану және Қазалы айналым депосының инженері Қанат Камилбаев тепловозды ТО-2 процесінен өткізу тақырыбында бейнероликтер көрсетіп, процестің қалай жүргізілетінін егжей-тегжей түсіндіріп, сұрақтарға жауап берді.

Баяндамашылар оқыс оқиғаның орын алу себептерін де және олардың алдын алу жолдарын да тілге тиек етті. Мәселен, пойыз құрастырушылардың еңбек өтілінің аздығы мен тәжірибесіздігі, басшы құрамның жұмыс технологиясы барысын қадағаламауы мен персоналмен жұмыс жасаушы органдардың білім-

сіздігі, жұмысшы білімінің жетіспеуі, маневрлік жұмыс барысында жұмыс тәртібінің сақталмауы, локомотив бригадасының регламент сақтамауы мен жұмысшы мен басшы құрамның арасында тығыз байланыстың болмауы да қауіпсіздікке әсер ететіні сөз болып, Белкөл станциясының басшысы Кенжебек Өтегенов осындай мәселелерден арылып, оңтайлы шешімін табу керектігін білдірді. Жалпы техникалық қызықты өтуіне қатысушылардың бәрі де атсалысты.

– Қызылордалық әріптестер жарады. Бізге көрсетілген бейнероликтер шынайы, нағыз жұмыс барысында түсірілгеннен ерекшеленіп тұрды. Өндірістегі келеңсіз жағдайдың алдын алуға бәріміз міндеттіміз, былғғы жылдың екінші жартысын тосын жағдайға жол бермей өткізу бүкіл теміржолшының алдына қойылған меже болып отыр, – деді Ақтөбе бөлімшесі Экология және өндірістік қауіпсіздік бөлімінің басшысы Қоблан Сүндетулы Бектұрғанов.

Ұйымдастырушылар атынан семинарға модераторлық еткен Экология және өндірістік қауіпсіздік қызметінің басшысы Галия Көпжасарова бүгінгі шара қауіпсіз жыл өткізуге қадам боларына сенім білдірді.

Суретті түсірген автор

ЖЕТІ АЙДАҒЫ ЖЕТІСТІК



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Күн тәртібінде жүк тасымалы нәтижелерінен бөлек, еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасын және өндірістік санитарияны сақтау, сондай-ақ, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Сонымен қатар жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшелері қызметкерлерінің әлеуметтік тұрақтылық мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Аймақтағы кәсіпорындарды аралап, жұмысшылармен кездесулер өткізген директордың орынбасарлары мен мекеме басшылары есеп берді. Компания басшылығы қызметкерлердің әлеуметтік мәселесін тұрақтандыру үшін осы жылы қаңтар, шілде айларында компания қызметкерлерінің жалақысын екі рет 10%-дан көтергені, Ұжымдық шартқа сәйкес көлік қызметкерлері күніне сыйлықақы төленгені атап өтті. Компания қызметкерлерінің әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша былтыр қабылданған Ұжымдық шарттың орындалуына ерекше назар аударылып отырғаны айтылды.

Жеті айдың жұмысын қорытындылай келе, бөлімше директоры

Ақмола жүк тасымалы бөлімшесі директорының жетекшілігімен ZOOM байланысы арқылы аппараттық кеңес өтіп, үстіміздегі жылдың жеті айындағы жұмыс нәтижесі қорытындыланды.

Айнабек Жукашев Ақмола ЖТ ұжымы карантин жағдайында коронавирустық инфекциялардың таралуын болдырмау, қызметкерлерді уақытылы вакцинациялау бойынша үлкен жұмыс атқарғанын атап өтті. Бүгінде барлық қызметкерлер вакцинацияланып, ұжым екепке алудың қажетті шегіне қол жеткізген. Бұл мәселеге аталған бөлімше ерекше мән берген.



КӨКШЕТАУ – ПЕТРОПАВЛ УЧАСКЕСİNДЕ, АЗАТ – ПРИРЕЧНОЕ АРАЛЫҒЫНДА МЕЖЕЛЕНГЕН КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ АЯҚТАЛДЫ. ҚАЗІР НҰР-СҰЛТАН – ЕСІЛ УЧАСКЕСİNДЕ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ КЕСТЕГЕ САЙ ЖҮРІП ЖАТЫР. БҰЛ ӨЗ КЕЗЕГІНДЕ ҚЫТАЙ – БАТЫС ЕУРОПА БАҒЫТЫНДА КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛДАРДЫҢ МАРШРУТТЫҚ ЖЫЛДАМДЫҒЫН КӨТЕРУ БОЙЫНША ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТІ ТОЛЫҚ ОРЫНДАП ШЫҒУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

Өйткені, Көкшетау депосының локомотив бригадалары Ресей темір жолдарына қарасты Оңтүстік Орал темір жолының Петропавл станциясындағы демалыс үйлеріне түсіп демалатынын, ал Ақмола бөлімшесіне қарасты Пресногорьковск станциясындағы демалыс үйіне РТЖ-на қарасты Қорған депосының локомотив бригада-

лары түсетінін, сондай-ақ, Ақмола бөлімшесінің шекарасына басқа да түйіспелер бойынша Қостанай, Қарағанды, Павлодар ЖТ бөлімшелерінің локомотив бригадалары келетінін ескере отырып, бірқатар ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар әзірленген және олар вирустық инфекциялардың таралмауына негіз болып, оң нәтиже бергені мәлім болды.

«Есепті мерзімде Көкшетау – Петропавл учаскесінде, Азат – Приречное аралығында межеленген күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. Қазір Нұр-Сұлтан – Есіл учаскесінде күрделі жөндеу жұмыстары кестеге сай жүріп жатыр, бұл өз кезегінде Қытай – Батыс Еуропа бағытында контейнерлік тасымалдардың маршруттық

жылдамдығын көтеру бойынша қойылған міндетті толық орындап шығуға мүмкіндік береді. Контейнерлік тасымалдардың маршруттық жылдамдығын арттыру – бұл Компания басшылығының болат жол еңбеккерлерінің алдына қойып отырған маңызды міндеттерінің бірі», – деді Айнабек Жукашев. Бөлімшенің сандық және сапалық көрсеткіштеріне келер болсақ, локомотив паркін пайдалану көрсеткіштері орындалып қана қоймай, өткен жылдың сәйкес мерзіміне қарағанда жақсара түскен. Шілде айында жүк айналымының жоспарлы көрсеткіші 101,8% астам деңгейде орындалып, өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда анағұрлым жақсарып, 108,6% жетіп жығылған. Оның ішінде 7 айдың қорытындысы бойынша локомотивтің өнімділігі 101,8% орындалып, өткен жылғы фактіге қарағанда 102,9% деңгейін құраған. Ал локомотивтің жүрісіне қатысты меже 100,6% орындалып, өткен жыл деңгейінен 1,8% артық шыққан.

Бөлімшеде пойыздардың тартымдық қызметіне жұмсалатын отын-энергетикалық ресурстардың үнемдеу және өлшегішке үлестік норманы төмендету – маңызды мәселе. Сәуір айынан бастап дизель отынын үнемдеу үрдісі оң нәтиже бере бастағанын атап өдік. Және де отын-тарату колонкасы мен локомотивтің АСУЭДТ аспаптары арасындағы жабдықтау айырмашылығы – 1,3% дейін қателікке жол беру рұқсат етілгеніне қарамастан 0,5% шегін құраған. Бөлімше басшысы Айнабек Жукашев қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге шақырды.

Суретті түсірген автор

АРНАЙЫ КИІМГЕ МҰҚТАЖДЫҚ ЖОҚ



Бүгінгі таңда Семей ЖТ бөлімшесі бойынша теміржолшылардың әлеуметтік ахуалын жақсарту мәселелерімен бір қатарда оларға қолайлы жұмыс орнын жасау, еңбекке қажетті құрал-жабдықтармен және арнайы қызметтік киіммен қамту шаралары да тұр.

Қуан ЕРТИС,
Семей

Бөлімше басшылығының ерекше назарға алуымен аталмыш бағытта бірқатар жұмыс жүргізілді. Сол себепті, қазіргі күні бөлімшедегі, желі бойындағы барша теміржолшыларды арнайы жазғы және қысқы қызметтік киімдермен, аяқ-киіммен қамту (шұлықтарды қоса алғанда) 100 пайызды құрап отыр.

Бұл ретте жазғы және қысқы киімдерді сатып алу бойынша ұзақ мерзімді келісім шарт жасалған болатын. Яғни, ағымдағы жылдың наурыз айындағы келісім бойынша енді екі жыл аралығында «Тараз-КожОбувь» ЖШС, «Қарағанды аяқ киім фабрикасы» ЖШС, ПМК «Арго» ЖШС теміржолшыларға қажетті маусымдық

киімдерді дер кезінде жеткізіп тұрады. Қазіргі таңда ерлер мен әйелдерге арналған былғарыдан тігілген сапалы аяқ киімдер қолданысқа енгізілген.

Сол тәрізді коронавирус инфекциясына қарсы қорғаныш құралдарын сатып алу бойынша да «Заман» ЖШС және «Ардагер-М-Сотрапу» ЖШС-мен аралықта тығыз әріптестік орнатылған. Бұл орайда медициналық қолғаптар мен қажетті антисептиктер теміржол мекемелеріне уақытында жеткізілуде. Ал, «Mega Pфaгmа» ЖШС жеткізетін бір реттік медициналық бетперденің 42642 данасына тапсырыс берілген екен. Бір айта кетерлігі, бүгінгі күнге дейін қызметтік киімдер бойынша теміржолшылар тарапынан ешқандай шағым тіркелмейті.

ЖОЛДАР ЖАҢАРЫП ЖАТЫР



Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Бүгінде өңір темір жолдарының 60 пайызы темірбетон шпалдарға ауыстырылған. Соның ішінде Исатай-Ақсары учаскесінің Ганюшкино-РЗД№7-де бөлек пункт ашылғалы бері телімде тәулігіне 24-тен 28 жұпқа дейін пойыз өткізу қабілетіне жетті. Атыраудың мұнайлы аймақ болуына байланысты мұнай және мұнай өнімдерін жіберушілер негізінен «Теңішев-ройл», «Батыстрасгрупп», «Парк хранения сжиженного газа», «Тенгизская Транспортная Компания» сынды компаниялар. Сондай-ақ өлкедегі Қарабаган елді ме-



кенінде газ өңдейтін үлкен зауыт құрылысы салынып жатқандығына орай, көптеген

мекемелермен, соның ішінде «АМӨЗ» ЖШС, «Теміржол Құрылыс Атырау» сынды

кәсіпорындарда вагондарды эстакадаға тақау үшін жолдарды узарту бағытында ұсыныстар енгізіліп, іске асуда.

Өткен жылдары Атырау-Мақат аралығында 24,7 км, Исатай-Д.Нұрпейісова аралығында 24,3 км жол жаңа материалдармен күрделі жөндеуден өтіп, сол арқылы учаскелерде жүк қозғалысының жылдамдығы 70-тен 90 км/сағатқа, жолаушы пойызды қозғалысының жылдамдығы 80-нен 100 км/сағатқа артты.

Жүк айналымы көлемін 5 пайызға арттыру арқылы еңбек өнімділігін арттыру, электр энергиясын үнемдеу, қозғалыс құрамын тиімді пайдалану, пойыздардың салмағы мен ұзындығын арттыру арқылы локомотив-сағаттарды қысқарту, жол шаруашылығында канадалық әдістерді қолдану арқылы озық механизмдерді пайдалану сынды жұмыстар табысты жүргізіліп келеді.

Суретті түсірген автор

История



ВЫХОД НА ПОРТЫ И РЫНКИ

Семь лет назад на территории Карагандинского региона произошло значимое событие. В августе был дан старт пуску новой стальной магистрали Жезказган – Бейнеу общей протяженностью 988 километров. А в 2015 году началось движение пассажирских поездов.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Строительство железной дороги Жезказган – Бейнеу напоминало далекое советское время, когда строился БАМ. На тот момент решались важные задачи общегосударственного масштаба. Одна из которых – создание кратчайшего межконтинентального железнодорожного маршрута Восток – Запад, проходящего на протяжении 10 000 километров по российским дорогам. Аналогичная стратегия продвигалась и нашей транспортной инфраструктурой.

– Трудно было представить, что в ближайших 2-3 года на вышеупомянутой линии вырастут новые населенные пункты со всеми удобствами, – рассказывает начальник оперативного отдела Карагандинского отделения ГП Жанат Жумашев.

– Согласно проектно-сметной документации, линию должны были сдать в 2016 году, однако подрядчики запустили движение досрочно – в июне 2015-го. Таким образом, железная дорога

Всего в социально значимом проекте приняли участие 8 субподрядных организаций из Астаны, Алматы, Караганды, Жезказгана. Для функционирования производственной

« НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ ЗДЕСЬ ПРИНИМАЕТСЯ 12 ПАССАЖИРСКИХ ПОЕЗДОВ С ДЛИНОЙ СОСТАВОВ ДО 20 ВАГОНОВ, А СЕМЬ ЛЕТ НАЗАД ИХ БЫЛО ВДВОЕ МЕНЬШЕ. К ТОМУ ЖЕ ЧЕРЕЗ СТАНЦИЮ ЖЕЗКАЗГАН ПРОХОДИТ БОЛЬШОЕ КОЛИЧЕСТВО ТОВАРНЫХ СОСТАВОВ И ПЕРЕВОЗИТСЯ ДО 21 МИЛЛИОНА ТОНН ГРУЗОВ В ГОД. »

Жезказган – Бейнеу соединила центральную часть республики с морским портом в Актау, дав выход на внешние рынки.

В то время на строительной площадке было задействовано более тысячи человек. Они засыпали земляную и щебеночную насыпи, завозили необходимую технику, организовывали подъездные пути.

базы было построено более четырех километров пути и задействовано 300 единиц техники. При прокладке дороги применялись только отечественные материалы. Производство железобетонных шпал осуществлялось на станции Нуринак Бухар-Жырауского района Карагандинской области. Стоимость завода состав-

ляла один миллиард двести миллионов тенге. Здесь были созданы рабочие места для 130 специалистов. А проектная мощность нового производства позволяла выпускать 384 тысячи шпал в год.

Станцию Жезказган также ожидала масштабная реконструкция. Со временем здесь появилось девять дополнительных путей и семь сортировочных. К тому же изменился облик самого вокзала.

В этот же период было завершено строительство главного пути железнодорожной ветки Жезказган – Саксаульская, которая является частью дороги до Бейнеу.

На сегодняшний день здесь принимается 12 пассажирских поездов с длиной составов до 20 вагонов, а семь лет назад их было вдвое меньше. К тому же через станцию Жезказган проходит большое количество товарных составов и перевозится до 21 миллиона тонн грузов в год.

– Благодаря программе форсированного индустриально-инновационного развития создаются новые мощные проекты, которые занимают прочные позиции на инфраструктурном рынке Казахстана, – резюмировал Жанат Жумашев.

Фото автора

ОБЪЕКТИВНЫЕ ПРИЧИНЫ



Ревизорским аппаратом департамента безопасности движения по Алматинскому региону с начала года проведено 346 проверок, в том числе 9 ночных. Выявлено 5 216 нарушений ведения нормативно-технической документации и содержания подвижного состава, по всем фактам приняты соответствующие меры.



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Отставлено от эксплуатации 9 локомотивов, 30 грузовых, 2 пассажирских вагона, закрыто 28 станционных путей (приемоотправочных – 5, тракционных – 23), стрелочных переводов – 60. Количество

ограничений скорости – 245.

Подразделениями, расположенными в границах Алматинского отделения ГП, допущено 10 случаев нарушений безопасности, в том числе 4 события и 6 инцидентов.

Анализ состояния безопасности движения показывает, что основные причины

нарушений в хозяйстве движения – низкий уровень знаний работников, непосредственно связанных с движением поездов, и систематическое неисполнение своих прямых должностных обязанностей работниками станций, отсутствие технологической дисциплины при производстве маневровых работ.

– Недостаточно проводится профилактическая работа руководителями линейного и регионального уровня с работниками станций по недопущению повторяемости НБД, отсутствует контроль над исполнением целенаправленных и адресных мероприятий по искоренению причин нарушения безопасности. Ведь основная задача – определить объективно, почему произошло происшествие, выявить факторы, способствовавшие этому. А в дальнейшем – разработать мероприятия, которые поставят надежный заслон таким случаям, – отметил главный региональный ревизор Мейрамбек Серикбаев.

Так, случай схода локомотива серии СКД6е №2052 на стрелочном переводе №1 станции Шелек был допущен в результате проезда запрещающего показания маневрового светофора М-1 и использования неприготовленного маршрута машинистом, невыполнение регламента переговоров помощником машиниста. Было также отмечено, что в хозяйстве СЦБ и связи не на должном уровне содержатся стрелочные переводы и технические средства.

По словам Мейрамбека Серикбаева, еще имеются случаи перехода железнодорожных путей в неустановленных местах. Нужно усилить разъяснительную работу среди населения, школ, организаций, с водителями автотранспорта.


Фото автора

ственного травматизма. Кроме этого мы ведем контроль за подготовкой к работе в зимних условиях первозимников, закрепляя их за наиболее опытными.

По словам Каната Макашева, каждый локомотив проверяют инструкторы локомотивных бригад, руководство предприятий и сектор охраны производственной безопасности и экологии.

– 11 тепловозов уже прошли проверку. Проверяем каждый поезд на линии, наличие у локомотивных бригад СИЗ, спецодежды, исправных инструментов. Перед началом работы постоянно проводятся инструктажи под роспись, – отмечает он.

ЧТОБ ВСЕ БЫЛИ ЖИВЫ И ЗДОРОВЫ



В Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо усилили работу по производственной безопасности в рамках мероприятия «Второе полугодие 2021 года – без смертельных случаев».

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Как рассказал начальник сектора производственной безопасности и экологии Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22) Канат Макашев, такие меропри-

ятия проводятся с 1 августа по 31 декабря 2021 года на железнодорожных предприятиях по всему Казахстану в связи с увеличением в некоторых регионах смертельных случаев на производстве.

– По Оскеменскому эксплуатационному локомотивному депо

издали приказ, составили план мероприятий, – говорит он. – Еще до 1 августа мы известили об этом своих работников, вывесили аншлаги. Сейчас проводим дополнительные занятия с локомотивными бригадами и слесарями ПТО, АУР и ИТР по предупреждению производ-

ОСОБАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



Чем ближе к реальности – тем меньше риска. Под таким девизом в Костанайском регионе прошли пожарно-тактические учения по условному тушению возгорания в пассажирском вагоне.

Учения проводились на станции Костанай с привлечением пожарного поезда станции Костанай, подразделений ГУ «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ» ДЧС Костанайской области, а также сформированных звеньев гражданской защиты станции Костанай.

Как сообщил начальник негосударственной железнодорожной противопожарной службы Султан Смамбаев, по тактическому замыслу, из-за короткого замыкания электропроводки произошло задымление в пассажирском вагоне с последующим возгоранием на станции Костанай. Но самое опасное – возможно нахождение там гражданских лиц. Данный факт накладывал на действия огнеборцев особую ответственность.

Но профессионалы не подвели, и в такой ситуации их действия были такими же точными, быстрыми и своевременными, благодаря чему им удалось оперативно эвакуировать пассажиров из горящего вагона, оказать им первую помощь. Одновременно локализовали очаг возгорания, а затем ликвидировали его.

ОРАЗБАЙ ЭБШЕВ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басшылығы мен ұжымы Социалистік Еңбек Ері, Құрметті теміржолшы Оразбай Әбішевтің қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



1930 жылы 10 маусымда Сыр елінде дүниеге келген Оразбай Әбішев еңбек жолын Қызылорда паровоз депосында жөндеуші болып бастап, өзінің еңбекқорлығы мен қабілет-дарынының арқасында уақыт өте келе тепловоздарды жөндеудің қыр-сырын терең меңгерген, «алтын қолды» шебер атанып, бүкіл кеңестер одағына аты шығып, абыройға кенелгені баршаға мәлім.

Құрметті теміржолшы өз заманының ең жоғарғы наградалары «Ленин» және «Октябрь революциясы» ордендерімен марапатталып, 1981 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын иемденді.

Қазақстан темір жолының мақтанышына айналған ардагер өндірісте өзінің жеке мектебін қалыптастырып, жарты ғасырға жуық уақыт ішінде жүзден шәкірт тәрбиелеп өсірді. Құрметті еңбек демалысына шыққан соң да саладан қол үзбей, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Консультативтік кеңес құрамында мол тәжірибесімен, ақыл-кеңесімен бөлісіп келді.

Мәнді де мағыналы ғұмыр сүрген қадірлі ақсақалымыздың өмір жолы кейінгі ұрпаққа мәңгі үлгі және өнеге болмақ.

Марқұмның жатқан жері жарық, иманы саламат болсын!

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Орталық ардагерлер кеңесі Құрметті теміржолшы, Социалистік Еңбек Ері, Консультативтік кеңес мүшесі, Қызылорда қаласының құрметті азаматы

Оразбай Әбішевтің

өмірден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Жарты ғасырға жуық Қазақстан темір жолына еңбегі сіңген, қайсарлық пен кемеңгерліктің үлгісі болған ардагердің асыл бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Марқұмның жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын!

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Ақтөбе бөлімшесі» филиалының Қызылорда қосалқы бөлімі және «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің» кәсіби одағы қоғамдық бірлестігі Қызылорда филиалы мен ардагерлер кеңесі саналы ғұмыры мен күш-қайратын отандық теміржол саласының дамуына жұмсап, ел-жұрттың құрметіне бөленіп, шынайы алғысына ие болған КСРО Социалистік Еңбек Ері, ҚТЖ Консультативтік кеңесінің мүшесі, «Құрметті теміржолшы» белгісінің иегері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы

Оразбай Әбішевтің қайтыс болуына байланысты, туған-туыс, әулетінің ауыр қайғысымен бөлісіп, көңіл айтады.

24 августа скоростножизно ушла из жизни выпускающий редактор ТОО «ТЛК Media», талантливый журналист **Любовь Иосифовна Говорухина.**



Более десяти лет профессиональной жизни Любовь Иосифовна посвятила работе в железнодорожной отрасли: из-под ее неповторимого пера вышло множество ярких репортажей со станций, очерков о заслуженных железнодорожниках, глубоких аналитических статей, художественных рассказов. Под ее редакцией были опубликованы все издания редакции: более 130 выпусков аналитического отраслевого журнала «Транс-Экспресс Казахстан», транспортного журнала «Транс-LOGISTICS Казахстан», бортового журнала «Время в пути». Неоценим вклад Любови Иосифовны в издании свыше двух десятков книг по истории железнодорожного транспорта, уже сегодня по своему всеобъемлющему содержанию являющихся классикой отечественной транспортной публицистики. Она являлась одним из авторов и редактором 11 ежегодных циклов Книги Почета «Трудовая доблесть магистрали», ею написана первая выпущенная редакцией художественная книга на казахском языке в новой латинской транскрипции.

В ее лице редакция потеряла мудрого и высоконравственного наставника, грамотного специалиста с фундаментальными знаниями, а читатели отраслевых журналов – вдумчивого автора, неравнодушного к судьбе железной дороги.

Коллектив «ТЛК Media» выражает искренние соболезнования родным и близким. Светлая память о Любови Иосифовне навсегда останется в наших сердцах, а ее слова – в летописи стальной магистрали Казахстана.

Мектепке жол



БІЛІМ КҮНІНЕ БАЙҒАЗЫ

Баласының жаңа оқу жылына дайындығына алаңдайтын әрбір ата-ана секілді аймақ теміржолшылары да мектеп оқушыларын мектепке дайындауға атсалысуда.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

«Теміржолсы-Қызылорда» мекемесінің ұжымы кәсіподақ төрайымы Ұлбосын Құсбаеваның ұйымдастыруымен «Мектепке жол» акциясын өткізді. Мекеме теміржолшыларының алғашқы сыныпқа баратын бүлдіршіндеріне оқу-құралдары толтырылған сәтте таратылып, қаржылай да қолдау көрсетіліп, 450 мың теңге көлемінде қаражат берілді. Мекеме бастығы Марат Шайжан мен «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалы төрағасы Бауыржан Ахметов Білім күніне байланысты мектеп табалдырығын енді аттағалы отырған балалар мен олардың ата-аналарын құттықтап, бүлдіршіндердің білім нәрімен алаңсыз сусындауына тілеулес екендігін білдірді.

– «Мектепке жол» акциясына мекеме тарапынан 350 мың теңге, кәсіподақ ұйымы атынан 100 мың теңге бөлінді. Әртүрлі әлеуметтік топтағы сегіз балаға мектеп құралдары толтырылған мектеп сөмкесі дайындалып берілді. Сонымен қатар Жосалы мен Шиелі станциясында жұмыс жасайтын теміржолшылардың қамқорлыққа мұқтаж отбасы санатындағы балаларға да дал осындай сыйлығымызды тапсыратын боламыз. Акцияға байланысты жетпіске жуық балаға қолдау көрсетілді, – деген «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалы төрағасы Бауыржан Ахметов бес балаға өз қаражатынан сыйлық жасапты.

Мекеме қолдауына разы болған ата-аналар алғыс білдірді.

Суретті түсірген автор

Ақтөбеде Әскерлендірілген теміржол күзеті мекемесі жаңа оқу жылы қарсаңында мектепке жол акциясын ұйымдастырды. Олар мекеме қызметкерлерінің 1 сыныпқа баратын балаларына оқу-құралдарын табыстады.



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Барлығы 75 балаға қағаз-қалам, түрлі түсті қарындаш сынды тиісті құралдар толтырылған аспалы-баулы әдемі сөмкелер сыйлап, сәтті қадам тілеген игілікті шара бүлдіршіндерді қатты қуантты. Олар байғазыларын бірі-біріне көрсетіп мақтансып, мээ болды. Республикалық «Мектепке жол» акциясы мекемеде жылда дәстүрлі түрде өтеді. Шара әдеттегідей аз қамтылған немесе көп балалы отбасы балаларына емес, мекеме қызметкерлерінің бірінші рет мектеп табалдырығын аттайтын барлық баланы бірдей қамтиды. Кәсіподақ ұйымы тарапынан оған арнайы қаржы бөлініп, бүлдіршіндердің мектепке қажетті керек-жарақтарымен және кеңсе тауарларымен толық қамтамасыз ету мақсат етіледі.

«Мекемеде талай жылдан бір отбасындай болып кеткен жандар еңбек етеді. Бала – елдің балашағы екенін ескерсек, білім күні – олардың жеке мерекелері. Жаңа оқу жылында әріптестеріміздің биыл бірінші сыныпқа баратын балаларына байғазы жасап, қуанттық. Ол үшін кәсіподақтан 487 500 теңге қаржы бөлінді. Жалпы бұл акция жылда дәстүрлі түрде осы тамыз айында өткізіліп тұрады», – дейді әскерлендірілген күзет мекемесінің кәсіподақ төрағасы Әділхан Аймағамбетов. Елдегі пандемияға байланысты оқу жүйесі бір жылдан аса уақыт онлайн өткендіктен ата-аналар биыл оқу офлайн жүйеге көшіп, балалардың партаға отыратын күнін асыға күтіп жүр.

Суретті түсірген автор

В 40 ЛЕТ ЖИЗНЬ ТОЛЬКО НАЧИНАЕТСЯ!



Он занимается бегом, участвует в лыжных гонках, а летом неизменно садится на велосипед, чтобы, преодолев расстояние в 300 километров, добраться от Семейа до Шемонаихи и обратно, невзирая на препятствия. Начальник технического отдела Семейского отделения магистральной сети Нурлан Бегадилов вызывает большое уважение своей приверженностью к спорту и волевым характером.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Удивительно, но 46-летний Нурлан Бегадилов стал активно заниматься спортом не так давно. Он рассказывает: только преодолев сороклетний рубеж, всерьез задумался о своем здоровье. И начал с кроссфита в 2014 году. Сначала функциональные упражнения по 45 минут казались сложными, потом железнодорожник втянулся, обрел новых друзей и знакомых. Оказалось,

что некоторые из них – любители мотокроссов. И тогда Нурлан стал выезжать с ними по выходным в сосновый бор, к святому ключу, чтобы в нем искупаться. А это ни много ни мало – 20 километров в один конец! Но, как оказалось, этого спортсменам-любителям было уже мало.

– Однажды знакомый предложил проехать на велосипеде до села Канонерка, это от Семей 55 километров, – вспоминает Нурлан Бегадилов. – А я решил добраться

на велосипеде до Шемонаихи, где живут мои родители. В 2018 году впервые рискнул и поехал, у родителей погостил немного и обратно так же на велосипеде вернулся.

После этого случая Нурлан стал выезжать на такие дальние расстояния каждое лето. Поездка на велосипеде в один конец, до Шемонаихи, занимает 6-7 часов. В первые годы он ездил через село Бородулиха, там останавливался пополнить силы, подкрепиться.

– Сначала от Семей дорога идет



прямо, а от Бородулихи в сторону села Михайличенко начинаются горные подъемы. Ехать уже тяжело. Я решил проложить маршрут через село Новая Шульба, – говорит спортсмен. – В этом году у меня получилось так, что в Шемонаиху я опять через Бородулиху поехал, но у меня трекер в программе STRAVA не записался.

Но велоспортом дело не ограничивается. В прошлом году, когда началась пандемия, Нурлан увлекся бегом, и теперь ежедневно

пробегает 5-10 километров. К слову, в 2017 году Нурлан Бегадилов занял третье место в лыжных гонках на зимней спартакиаде ҚТЖ. Был в числе участников летней спартакиады, в 2019 году впервые сделал забег в республиканском марафоне и занял призовое место в своей возрастной категории.

Необычную акцию он провел со своими единомышленниками в честь Дня Победы: 9 мая в девять утра пробежал 9 километров по сосновому бору, а потом еще столько же. Железнодорожник приучил к спорту и своих детей. 12-летний Арнур ходит в секции на спортивную гимнастику, дзю-джитсу, зимой вместе с отцом посещает бассейн. Девятилетняя дочь Нурай катается на велосипеде, но в основном занимается танцами. Это по-настоящему спортивная семья, которая заботится обо всех аспектах своего здоровья, ведь давно известно, что в здоровом теле – здоровый дух!

Фото Нурлана БЕГАДИЛОВА

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су келігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқаншев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сыздықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Костанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айғанды Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубайбаев 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Гивницкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д. Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.

Твои люди, магистраль!

НЕУТОМИМЫЙ ТРУЖЕНИК

На минувшей неделе свой 85-летний юбилей отметил Почетный железнодорожник Николай Лобынцев. Однажды сделав выбор в пользу стальной магистрали, он ни разу не свернул с пути и посвятил работе в отрасли более полувека. Неутомимый труженик, профессионал своего дела, мудрый наставник и пример молодым – так характеризуют Николая Васильевича коллеги-железнодорожники.



Любовь РОВБА,
Нур-Сұлтан

В честь праздничной даты узловой Совет ветеранов станции Нур-Сұлтан организовал для именинника встречу с друзьями и коллегами.

– С Николаем Васильевичем мы проработали бок о бок, возглавляла смежные Советы ветеранов, на протяжении 14 лет. Ответственный, пунктуальный, у него всегда можно было поговорить и обратиться по любому вопросу, – отметила в поздравительной речи председатель Совета ветеранов Астанинского эксплуатационного локомотивного депо Людмила Красножанова. – Он находил время и подход к каждому ветерану железнодорожного транспорта, оказывал необходимую помощь и поддержку. И сейчас

активно участвует в жизни ветеранской организации, пользуется большим уважением среди коллег.

Детство и юность Николая Лобынцева прошли в Караганда. Там же состоялось и первое знакомство с железной дорогой – отец работал кузнецом в вагонном депо. Выходившие из-под его молота детали для ремонтируемых вагонов отличались прочностью и долговечностью. Маленький Николай с восторгом наблюдал за тем, как мастерски отец управлялся с металлом, и сам мечтал освоить это «огненное» ремесло.

Окончив школу, он устроился слесарем в грузовое депо станции Акмолинск. Старательного и схватывающего все на лету юношу вскоре перевели осмотрщиком вагонов, а затем ему предстояла

служба в армии. Вернувшись из рядов Красной армии в 1958 году, Николай вновь пришел в депо, где много лет проработал старшим осмотрщиком в нечетном парке. Впоследствии трудился в пассажирском вагонном депо, откуда с должности мастера вышел на заслуженный отдых.

Продолав большой путь, Николай Васильевич стал настоящим профессионалом в своем деле. О таких обычно говорят: «Железнодорожник от Бога». Его заслуги отмечены рядом высоких наград, в числе которых – ордена Трудового Красного Знамени, Дружбы народов, многочисленные медали, грамоты и

высшее отраслевое звание – Почетный железнодорожник.

– В работе папа всегда был требовательным к себе и другим, очень обязательным и пунктуальным. Все свои обязанности выполнял безупречно и вовремя, – поделилась дочь юбиляра Ольга Шестакова.

К слову, дети Николая Васильевича продолжили династию железнодорожников. Ольга Николаевна проработала в отрасли 16 лет, ее брат Николай Николаевич по примеру отца много лет работает в пассажирском вагонном депо.

Все, кто когда-то трудился рядом с Николаем Васильевичем, отмечают его профессионализм и энергию. После выхода на заслуженный отдых он более 10 лет возглавлял Совет ветеранов пассажирского вагонного депо. Да и сейчас, когда время приближилось к большой дате, не замыкается в себе. Посещает мероприятия узловой Совета ветеранов, интересуется жизнью дороги и делится опытом с молодым поколением.

Мы присоединяемся к поздравлениям и добрым словам в адрес Почетного железнодорожника и желаем Николаю Васильевичу крепкого здоровья и долгих лет жизни!

Фото Александра ЖАБЧУКА

НИКТО НЕ ЗАБЫТ



Уральские волонтеры-железнодорожники продолжают заботиться о пожилых земляках. В рамках регионального проекта «Жеңіс» в августе текущего года доставили ветеранам Великой Отечественной войны, тыла и труда продуктовые наборы, приобретенные на средства фонда социальных проектов «Samruk-Kazyna Trust» совместно с АО «НК «ҚТЖ».

Анна МАРЬИНА,
Уральск

В настоящее время Уральский регион условно поделен на 5 участков, прилегающих к железной дороге. Координаторами являются молодые специалисты-железнодорожники, под началом каждого до 10 волонтеров. За каждым координатором закреплено по 40 ветеранов, в общей сложности 200 пожилых. Было проведено два рейда, в августе – третий.

Лето в этом году выдалось экстремально жарким, такого диска не припомнят даже старожилы. Дискомфорт добавляют и участившиеся степные пожары. В такой обстановке помощь ветеранам нужна как никогда.

По Теректинскому району координатором проекта «Жеңіс» является ведущий инженер по охране окружающей среды Актобинского отделения ГП по Уральскому региону Замир Мулдашев. Вместе со своими волонтерами он развез продуктовые наборы 40 тыловикам в поселках Пойма,

Ақсуат, Магистральный, Федоровка.

– Встречают нас бабушки-дедушки с радостью, ведь для них важны не только сами наборы продуктов и необходимые в хозяйстве санитарно-гигиенические средства, но и понимание, что о них помнят и есть кому позаботиться, – делится ведущий инженер по безопасности и охране труда Уральского эксплуатационного вагонного депо, координатор по Таскалинскому району Асан Сулейменов. Координатором по Бурлинскому району и городу Аксай является начальник пассажирского поезда Нуржан Жанакашев. Он организовал доставку продуктовых наборов тыловикам по 12 поселкам, в город Аксай (станция Казахстан) волонтерскую помощь получили 8 подшефных ветеранов.

Координатор проекта по Байтерекскому району – инженер-технолог станции Жилаево Ерлан Қужумов, он лично доставил продуктовые наборы 23 жителям села Дарьинское.

Работа волонтеров продолжается. Без заботы не останется ни один ветеран.

Еске алу



АТАКӘСІБІ МҰРАТЫ ЕДІ

Шу өңірінде туып-өсіп, Алматы темір жолында қызмет еткен Серік Байқұлбаев 16 тамыз күні дүниеден өтті. Ол теміржолшының ұлы болып дүниеге келіп, атакәсібін жалғастырып, абыроймен қырық жеті еңбек еткен ел-жұртына қадірлі азамат болды.

Еспе теміржол станциясында Сыдық теміржолшының шаңырағында 1949 жылы дүниеге келген Секең теміржолшы формасын киіп, еңбекке араласқанда 19 жастағы бозбала екен. Теміржол саласында арнайы білім алып, 1968 жылдан басталған теміржолшының өмір жолы 2014 жылы құрметті еңбек демалысына шыққанша, тұп-тура 45 жылға жалғасты. Ұзақ жылдар Алматы темір жолында Әскерлендірілген теміржол күзеті саласында абыройлы еңбек етіп, лайықты бағасын алды.

Ата кәсібі мұраты болған теміржолшы күні кешеге дейін сала өмірін тытқы қалмай, оның жақсылығына сүйініп, кемшілігіне күйініп, жастарды теміржолшы мамандығын игеруге ұтқиттеп, кезінде өзі де талай шәкірт тәрбиелеген ақеділ жан болғанын көзіміз көрді.

Еңбек ардагері оның әріптестері мен замандастарының есінде өз кәсібіне адал, отбасында сенімді жар, асқар таудай әке, қадірменді ата болып, немере-шөбере сүйген иманды жан ретінде қалды.

Оралжан Масағбаев,
Алматы қаласы

Следующий номер газеты «Қазақстан теміржолшысы» выйдет 3 сентября 2021 года.